КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 26 маусым №7119-25-00-2/6192 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Удербаев А.Ж.» (Удербаев Алпамыс Жауынбаевич) дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 01 сәуірде «Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "Қазаэронавигация" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «Удербаев А.Ж.» (Удербаев Алпамыс Жауынбаевич) дара кәсіпкері өнім берушімен «Жылу алмасу аппараты» № 73/25 SNK тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын 8 425 000.00 теңгеге жасалған.

Шарттың талаптары бойынша жауапкер тауарды шартқа кол койылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенді.

Тауар жауапкермен жеткізілмеген.

Тапсырыс берушімен шарт 2025 жылғы 19 мамырда біржақты тәртіппен бұзылған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 8 бабының 4 тармағына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: 3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың 3.1 тармағына сәйкес, өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Іс бойынша тауардың жеткізілмегені анықталды. Тапсырыс беруші шартты біржақты тәртіппен бұзған. Шартты бұзу дауланбаған және заңсыз деп танылмаған.

Істің мән-жайын талдай отырып, сот талап қою негізді деген қорытындыға келеді, өйткені сот жеткізушінің шартта көзделген міндеттемелерді орындамағаны – тауар мерзімінде жеткізілмегені анықталған.

АПК -нің 117-бабына сәйкес жауапкерден баж салығы өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Удербаев А.Ж.Ә (Удербаев Алпамыс Жауынбаевич) дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Удербаев А.Ж. (Удербаев Алпамыс Жауынбаевич) дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 18.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.08.2025, судья Баткалова Г. М., 19.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 18.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.08.2025, судья Баткалова Г. М., 19.09.2025

7119-25-3-1/6108